

Шектеу іс – шараларын тоқтату және "Күршім ауданының Қалғұты ауылдық округінің "Арын" шаруа қожалығының "Ашыбасы", "Жанасбай", "Шакер" қыстақтарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Қалғұты ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 тамыздағы № 1 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 25 желтоқсанда № 5-14-187 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Күршім аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2018 жылдың 27 қарашадағы № 1303 ұсынысы негізінде, Қалғұты ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Күршім ауданының Қалғұты ауылдық округінің "Арын" шаруа қожалығының "Ашыбасы", "Жанасбай", "Шакер" қыстақтарында ірі қара мүйізді малына сарып ауыруынан Республикалық бюджеті есебінен жүргізілген сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық нәтиже көрсетуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қалғұты ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 тамыздағы "Күршім ауданының Қалғұты ауылдық округінің "Арын" шаруа қожалығының "Ашыбасы", "Жанасбай", "Шакер" қыстақтарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5192 болып тіркелінген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 11 қыркүйек 2017 жылы жарияланған) № 1 шешімінің күші жойылсын.

3. "Қалғұты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық

құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалғұты ауылдық
округінің әкімі*

Д. Абиева